

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы Басқармасының  
2020 жылғы 4 қарашадағы  
№ 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына  
№ 36 қосымша

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы»  
акционерлік қоғамы Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 4 қарашадағы шешімімен  
(«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы Басқармасының № 52/20 хаттамасы)  
БЕКІТІЛГЕН

## «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы

*(2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)*

**Нұр-Сұлтан, 2020**

### **1. Жалпы ереже**

1.1. «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы жаңа редакцияда әзірленді және Қоғам қызметін жүзеге асыру тәртібін реттейді.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Казахстанская Жилищная Компания»;
- 3) ағылшын тілінде: Joint-Stock company «Kazakhstan Housing Company».

1.3. Қоғамның қысқаша атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ҚТК» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «КЖК»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «КНС».

1.4. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

1.5. Қоғамның жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады.

### **2. Қоғамның заңды мәртебесі**

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес баланса, банк шоттарына ие, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады және іске асырады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның мөрі, өзінің аты көрсетілген бланкілері және оның қызметін іске асыру үшін қажет басқа да деректемелері бар.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының [Конституциясын](#), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік Қоғамдар туралы» [Заңын](#) (

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2.6. Қоғамның өкілдіктері мен филиалдарының бірінші басшылары оларға ұсынылған өкілеттіктер шеңберінде сенімхаттың негізінде әрекет етеді және Қоғамға есеп береді.

2.7. Қоғам «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы еншілес ұйымын, «Бірыңғай төлем жүйелері» акционерлік қоғамы еншілес ұйымын, «Байтерек девелопмент» акционерлік қоғамын, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта құрылған. Қоғам даулы тараптардың міндеттерін қоса алғанда, барлық кредиторлар мен борышкерлерге қатысты олардың барлық құқықтары және міндеттері бойынша «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы, «Бірыңғай төлем жүйелері» акционерлік қоғамы, «Байтерек девелопмент» акционерлік қоғамы, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының құқықтық мұрагері болып табылады.

2.8. Қоғам қызметкерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын үш миллион еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

### **3. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі**

3.1. Қоғам Жалғыз акционерінің мүлкінен оңашаланған мүліктерін иеленеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүліктері шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

3.2. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасы заң актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдар қаупіне жауап береді..

3.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен Жалғыз акционер алдында олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде олардың:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Қоғам шығындарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу туралы шешімдер жасасуға және (немесе) қабылдауға ұсыну іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

3.4. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан лауазымды тұлғаға Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеу туралы, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы, егер лауазымды адам

жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

Жалғыз акционердің шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғамның Жалғыз акционері өз атынан, Қоғамның лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Қоғамның Жалғыз акционері сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініштің келіп түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің жүгінуі бойынша Директорлар кеңесінің шешімі жиналыс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оның назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін немесе осы тармақпен орнатылған мерзімдерде оны алмаған жағдайда, Жалғыз акционер өз атынан, аталған мәселе бойынша растаушы құжаттары бар болып, Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуі туралы растаушы құжаттары бар болған жағдайда Жалғыз акционер өз атынан Қоғамның мүддесін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге құқылы.

3.5. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер Қоғамның органымен қабылданған, Қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Егер лауазымды тұлғаның Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің осы Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

## 4. Қоғам қызметі

4.1. Қоғам қызметінің негізгі түрі банк қарыз операцияларын жүргізуге арналған уәкілеттік органның лицензиясы негізінде ипотекалық қарыздар ұсыну болып табылады.

4.2. Қоғам келесі қосымша операцияларды жүргізуге құқылы:

1) сенімгерлік операциялары: сенім білдірушінің тапсырмасы мен мүддесі үшін ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығын басқару;

2) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелдігін қабылдау арқылы тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) сатып алушыдан төлемнің талап ету құқығын сатып алу;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

3) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналысқа түспейтін векселдерді сатып алу жолымен тауарларды (жұмыс, қызмет көрсетулер) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу;

4) лизингтік қызмет.

4.3. Қоғам төменде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) инвестициялық қызмет;

2) инвестициялық жобаларды қаржыландыру және жүзеге асыру, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу жолымен;

3) қаражатты екінші деңгейлі банктерге шартты түрде орналастыру және өзге қаржы ұйымдарына кредит беру;

4) бағалы қағаздарды, оның ішінде облигацияларды шығару және орналастыру;

5) меншікті мүлікті сату;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кепілге салынған мүлікті өткізу;

7) жылжымайтын мүлік объектілерін, оның ішінде кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру;

8) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес айқындалған уәкілетті ұйымға және тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде құрылысты жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қарыздар беру;

9) көп пәтерлі тұрғын үйдің, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылысын аяқтауға кепілдік беру, кепілдік беру жағдайы басталған кезде оны пайдалануға қабылдау және үлескерлерге тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлестерді беру;

10) ипотекалық кредит беру, тұрғын үйді жалдау, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы шарттары бойынша міндеттемелерді қарыз алушылардың/жалға алушылардың уақытылы орындамауына немесе орындамауына байланысты кредиторлардың (инвесторлардың) залалдарын азайтуға бағытталған шараларды қамтитын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшаларының жинақтары бойынша жарналарға, ипотекалық қарыздарға (ипотекалық тұрғын үй қарыздарына), жалдау төлемдеріне кепілдік беру;

11) көп пәтерлі тұрғын үйдегі үлесті сатып алуға арналған қарыздарға (кредиттерге) кепілдік беру;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлесті сатып алуға арналған кредиттерге кепілдік беру бойынша жеке тұлғалармен шарттар жасасу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз активтерін басқару;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүлікті сенімгерлік басқару;

15) қажетті қаржы резервтерін қалыптастыру;

16) ақпарат тасығыштардың кез келген түрінде ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша арнайы әдебиеттерді іске асыру;

17) Қоғамның қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;

18) ипотекалық ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы іске асыру;

19) ипотекалық кредит беру саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

20) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы [заңнамасымен](#), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және Жарғымен не Жалғыз акционердің шешімдерімен Қоғамға жүктелген қызмет;

21) Қоғам мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде:

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

екінші деңгейлі банктер халыққа берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;

тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейлі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады;

4.4. Қоғам кейіннен сату мақсатында жылжымайтын мүлік объектілерін салуды және (немесе) сатып алуды қаржыландыруға, оның ішінде сатып алу құқығымен жалға беруге құқылы.

4.5. Қоғам өз қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қаржыландыру көздерін пайдалануға құқылы.

4.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға және мәмілелердің өзге де түрлерін жасауға құқылы.

## 5. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздары

5.1. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей құқықтар көлемін береді. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және өзінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы, бағалы қағаздарды айырбастаудың шарттары мен тәртібі туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

5.2. Артықшылықты акциялардың меншік иелері-акционерлердің жай акциялардың меншік иелері-акционерлері алдында осы Жарғыда белгіленген алдын ала белгіленген кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

5.3. Артықшылықты акция акционерге осы Жарғының [5.4-тармағында](#) белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

5.4. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) Жалғыз акционер шешімі артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеуге дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімдер қабылдау мәселелеріне мыналар жатады:):

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту немесе мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

- артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібінің өзгеруі;

- артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау.

2) Жалғыз акционер Заңға сәйкес Қоғамның артықшылықты акцияларын ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;

3) Жалғыз акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;  
4) артықшылықты акция бойынша дивиденд оның орнатылған төлеу мерзімі өткен күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде төленбеген.

5.5. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

5.6. Қоғам сатып алған меншіктік акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесіне міндетті түрде енгізіледі.

5.7. Жалғыз акционерлердің қол қойылған және толығымен төленген акцияларының құқығын растайтын құжаттар ретінде акция ұстаушылардың тізілімінен алынған көшірмелер қызмет етеді.

5.8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда ғана орналастырылған акцияларын кепілге алады.

5.9. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығы осы Жарғы ережелерімен шектелуі немесе ерекшеленуі мүмкін емес.

5.10. Қазақстан Республикасының заңдары мен Қоғам Жарғысы бойынша реттелмеген облигациялар және акциялардың қозғалысы, есебі, шығарылымының басқа мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың шығарылымы туралы шешім қабылдау кезінде Жалғыз акционердің шешім қабылдауымен анықталады.

## **6. Қаржыландыру және Қоғам кірісі**

6.1. Қоғамның таза кірісі Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіпте, оның ішінде дивидендтер төлеуге де қатысты бөлінеді.

Жалғыз акционерге дивидендтер төлеу қаржы жылының қорытындылары бойынша жылына бір рет жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Дивидендтер Заңда көзделген мерзімде төленеді.

6.2. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу ақшамен, сондай-ақ Жалғыз акционердің келісімімен Қоғам шығаратын бағалы қағаздармен жүргізіледі. Артықшылықты акциялар бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге келесі жағдайларда жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы [заңнамасына](#) сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

6.3. Бір артықшылықты акцияға арналған дивидендтің кепілдік берілген мөлшері акцияның номиналды құнының 5,5% мөлшерінде белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ олар бойынша дивидендтер төлеу рәсімі мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

Акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезеңділігі мынадай:

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

- Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылына бір рет жүзеге асырылады;

-жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның қандай да бір органының шешімін талап етпейді.

6.4. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

6.5. Дивидендтер төлеу кезінде бірінші кезекте артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер, содан кейін жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді. Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

6.6. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта [қаржыландырудың ресми ставкасын](#) негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## 7. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

7.1. Жалғыз акционер құқылы:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға құқылы;

7) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу;

9) заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға;

10) заңда көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;

11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционер отырысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

- 12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 13) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;
- 14) Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға;
- 15) Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

7.2. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы Заңға және Қоғам оларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алған кезде Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген акциялардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7.3. Жалғыз акционер құқылы:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) он жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

Қоғам және Орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жалғыз акционердің осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

## 8. Қоғамның органдары

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган - Ішкі аудит қызметі.

8.2. Қоғам қызметін қамтамасыз ету және операцияларды іске асыру кезінде тәуекелдікті төмендету мақсатында Қоғамда басқа тұрақты және (немесе) уақытша әрекет ететін органдары құрылуы мүмкін: несие комитеттері, проблемалық борыштар жөніндегі комитет, тәуекелдікті басқару жөніндегі комитет және т.б. Мұндай органдардың жұмыс жасау тәртібі мен құзыры, олардың мүшелерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасы заңдарына, олар туралы ережелерге және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

## 9. Жалғыз акционер

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 9.1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

9.1. Жалғыз акционердің ерекше құзырлығына келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін және оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе жою;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өсіру немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін, сондай-ақ, оларды өзгертуді анықтау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдауға;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін, мерзімдерін айқындауға;
- 8) Қоғам Директорлар кеңесінің сандық құрамы, уәкілеттік мерзімі, оның мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттемелерін орындаған үшін сыйақы мен шығындарының орнын толтыру төлем талаптары мен мөлшерін айқындауға;
- 9) Басқарма төрағасын (атқарушы орган функциясын жеке іске асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 10) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық мекемені анықтау;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) Қаржы жылының есептік айындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивидент мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның немесе басқа заңды тұлғалардың мекемесін немесе қызметін құруға қатысу туралы немесе басқа заңды тұлғалардың құрамынан Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызының сомасын құрайтын активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы шығу туралы шешім қабылдау;
- 16) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде оның құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (әдістемені бекіту, егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе);
- 17) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 [хаттамасына](#) № 22 қосымшамен алып тасталды ([бұр.ред.қара](#));
- 18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау;
- 19) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 20) Жалғыз акционердің бекіткен тізілімі бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарын бекіту;
- 21) Қоғамның қызметіне қатысты мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (шұғыл) тапсырмаларды беру;
- 22) Басқарма төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;
- 23) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 24) Қоғамда тексерудің (ревизияның) жүргізілуі туралы шешім қабылдау;
- 25) нәтижесінде оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдаған күні Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жасалуында мүдделілігі болған ірі мәмілені жасауы;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

26) шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамалары және (немесе) Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер.

9.2. Егер Қазақстан Республикасы Заңы мен басқа да заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің құзыретіне беруге жол берілмейді.

9.3. Жалғыз акционердің Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның кез келген органы қабылдаған шешімнің күшін жоюға құқылы.

## 10. Директорлар кеңесі

10.1. Заңда және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 10.2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

10.2. Егер заңда және (немесе) осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны іске асыру мониторингі;

2) Қоғамның даму жоспарын және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту, сондай-ақ өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

3) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен алып тасталды (бұр.ред.қара)

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, бас комплаенс-бақылаушының, Омбудсменнің жұмысы туралы есептерді бекіту;

8) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың шығарылымы туралы шешімдер қабылдау;

9) Басқарма төрағасын қоспағанда, басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау;

11) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

12) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

13) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту (тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары; бизнес-процестердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы; тәуекел-тәбет, тәуекелдердің түйінді индикаторлары, тәуекелдер бойынша есептер);

14) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ Корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

15) бас компаенс-бақылаушыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, бас компаенс-бақылаушының лауазымдық жалақысы мен сыйақы шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ бас компаенс-бақылаушыға сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

16) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

17) Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер мен Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

18) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

19) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

20) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

21) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға Қоғамның міндеттемелерін көбейту;

22) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

23) осы Жарғының [9.1 тармағы 25\) тармақшасына](#) сәйкес Жалғыз акционер шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Қоғам мүдделі болып отырған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

24) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

25) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісімдерді ұсыну туралы шешім қабылдау;

26) корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысты іс-шаралар жоспарын бекіту;

27) Жалғыз акционерге шығарылатын мәселелерді алдын ала қарастыру;

28) Қоғам әкімшілік шығындарының жеке норматив түрлері мен өзге де лимиттерін бекіту;

29) Басқарма төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің шешімдерімен тағайындалатын және (немесе) сайланатын Қоғам қызметкерлерін материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету және тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алу;

30) корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау есебін бекіту;

31) Қоғамға орындау үшін қызметі бойынша тікелей (жедел) тапсырмалар беру, сонымен қатар олардың орындалу нәтижелерін қарастыру;

32) Омбудсменді тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

33) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің нәтижелерін қарау;

34) Жалғыз акционердің айрықша құзырлығына жатпайтын, Заң және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген басқа мәселелер.

10.3. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңда және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

10.4. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Басқармаға беруге болмайды.

10.5. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

10.6. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

10.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс, олардың әрқайсысының бір дауысы болады.

10.8. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі және біліктілігі болуы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және олардың міндеттерін орындау үшін қажетті Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуі тиіс.

10.9. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқығы жоқ.

Члены Совета директоров избираются из числа:

- 1) акционерлер - жеке тұлғалар;
- 2) директорлар Кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

10.10. Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

10.11. Басқарма мүшелері, оның төрағасынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.12. Осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағандағы, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларды шектеусіз бірнеше рет сайлауға болады. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлап жатқан Жалғыз акционерлердің отырысын өткізу сәтінде аяқталады.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, егер де атқарып жатқан жұмыстарының бағасы қанағаттанарлықтай нәтиже берсе келесі тағы да үш жылға дейін қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне қатарынан алты жылдан аса мерзімге сайланса (мысалы, екі үш жылдық мерзім) директорлар Кеңесі мүшелерінің жұмыс нәтижелерін және қызмет бағасының нәтижелерін ескере отырып айрықша қаралуға жатқызылады, сонымен қатар Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте директорлар Кеңесіне мүшелік сапалы түрде жанаруы қажет.

Тәуелсіз директорлардың қатарынан бір тұлға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан аса мерзімге (мысалы, үш жылдық мерзім) сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан аса мерзімге сайлау рұқсат етіледі, сонымен бірге мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау осы тұлғаны сайлаудың қажеттілігін толығымен түсіндіру және осы фактінің тәуелсіз шешім шығаруға әсер етуі арқылы жыл сайын немесе басқа уақытта өткізіледі.

10.13. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционердің оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

10.14. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционермен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі

Директорлар кеңесінің Жалғыз акционермен белгіленген өкілеттігі толық аяқталған мерзімде аяқталады.

10.15. Директорлар кеңесінің төрағасы кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық түрде дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

10.16. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген өзге қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.17. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасы немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

10.18. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма отырысты шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

10.19. Директорлар Кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

10.20. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқарманы алдын-ала хабардар етуі тиіс.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын беріледі.

10.21. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Кворум байланыстың техникалық түрін қолдану (бейнеконференциялар сеансы режимінде, телефон конференцбайланысы және т.б.) арқылы немесе жазбаша түрде айтылған олардың дауыстарының болуымен қарастырылған мәселелерді талқылау мен дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің есебімен анықталуы мүмкін. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде жазбаша пікірлер тек қана Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беру нәтижесін көрсететін күн тәртібі мәселелері бойынша есептелінеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады.

10.22. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

10.23. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі көзделуі мүмкін. Осындай шешімдерді қабылдау тәртібі осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 10.24-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

10.24. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіпте өткен отырысында қабылданған шешімдері отырыс өткен күннен жеті күнтізбелік күн ішінде жасалып, отырыста төрағалық еткен тұлға мен корпоративтік хатшы қол қойылған хаттамамен ресімделеді және келесіні қамтиды:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамда сақталады.

10.25. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнен өз қолымен және корпоративтік хатшы мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелер беруге міндетті.

10.26. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің шақыруға құқығы бар тұлғалардың бастамашылығы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді жүргізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (сырттай дауыс беруді жүргізуден бас тартқан жағдайда - Қоғам Басқармасына) жазбаша түрде ұсынылады және онда дауыс беруге қойылатын нақты және дұрыс қойылған сұрақ (сұрақтар) болуы тиіс.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 10.27-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

10.27. Сырттай дауыс беру жүргізілген кезде дауыс беруді жүргізу туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей бір үлгідегі дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс беруге қойылған сұрақтың (сұрақтардың) материалдары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Бюллетенде төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- 5) Қоғамның толық атауы;
- 6) отырысты өткізудің бастаушысы туралы мәліметтер;
- 7) дауыс беру бюллетеньдерін ұсынудың соңғы күні;
- 8) дауыс беруге қойылатын нақты және дұрыс қойылған сұрақ (сұрақтар);
- 9) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
- 10) бюллетенді толтыру тәртібін түсіндіру.

10.28. Директорлар кеңесінің сырттай шешімі белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум болған да қабылданған деп есептеледі.

10.29. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде Директорлар кеңесі төрағасы мен хатшысының қолы қойылып жазбаша түрде ресімделеді. Шешімді рәсімдеу датасынан бастап жиырма күн ішінде осы шешімді қабылдауға негіз

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

болған бюллетендердің көшірмелерін қоса ұсынумен Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуге тиіс.

10.30. Директорлар кеңесінің мүшесі өздерінің міндеттерін атқару үшін қажетті ақпараттарды Қоғамның атқарушы органдары мен Қоғамның құрылымдық бөлімше басшыларынан алуға құқылы.

Қоғамның немесе оның үлестес тұлғаларының бағалы қағаздарымен мәміле жасауға ниеті бар Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне осы ниеті туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесі мүшесіне Қоғаммен мүдде дауын тудыратын немесе тудыруы мүмкін қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады, сондай-ақ Қоғам қызметіне бәсекелес ұйымдарда басшылық қызмет атқаруға рұқсат берілмейді.

## 11. Басқарма

11.1. Қоғамның ағымдағы әрекетіне басшылық жүргізетін Қоғамның атқарушы органы Басқарма болып табылады.

11.2. Басқарма Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма Жалғыз акционердің және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.3. Басқарма құрамы кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады, соның ішінде: Басқарма Төрағасы, оның орынбасары (лар) және (немесе) Басқарманың басқа да мүшелері. Басқарма мүшесі акционер және акционерлер болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері бола алады.

11.4. Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

11.5. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен және осы Жарғымен, сондай-ақ олардың әрқайсысының Қоғаммен жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Басқарма төрағасының еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғам Басқармасының төрағасы қол қояды.

11.6. Қоғам мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынастарға еңбек заңнамасының күші заңның ережелерімен реттелмеген бөлігінде қолданылады.

11.7. Басқарма мүшесінің Қоғам Директорлары кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқығы бар.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 11.8-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

11.8. Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесі мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдау Басқарманың құзыретіне жатады, соның ішінде:

1) Қоғамның күнделікті әрекетіне басшылық жүргізу, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуді іске асыру;

2) Осы Жарғының [9.1-тармағының 8\), 9\), 23\) тармақшаларында](#) және Жарғының [10.2-тармағының 9\)-10\), 12\), 14\)-15\) тармақшаларында](#) қарастырылған мәселелерден басқа,

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің қарастырылуына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарастыру;

3) салық есебі саясатын бекіту;

4) есеп саясатын бекіту;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бекіту;

6) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы саны шеңберінде штат кестесін және ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте, жаңа бизнес процестердің және (немесе) қызмет бағыттарының пайда болуы және (немесе) қолданыстағы бизнес процестерден және (немесе) қызмет бағыттарынан бас тарту, қайта ұйымдастыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір рет артық өзгертуге жол берілмейді;

7) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 [хаттамасына](#) № 22 қосымшамен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

8) Қоғам қызметкерлеріне (Басқарма, ішкі аудит қызметі мүшелерін, корпоративтік хатшыны, бас комплаенс-бақылаушыны қоспағанда) еңбекақы, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын бекіту;

9) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

11) Қоғамның бюджетін даму жоспарында бекітілген сомалар шегінде бекіту;

12) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттер (комиссиялар) құру, құрамын айқындау, олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;

13) баға белгілеу ставкаларын бекіту;

14) Қоғамның спрэд мәнінің өзгеруі туралы шешім қабылдау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағандағы, Қоғам міндеттерінің Қоғамның меншік капиталының он пайызға дейін мөлшерін құрайтын шамасына қарай артуы туралы және өзге де мәмілелерді жасасуға шешім қабылдау;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген, Жалғыз акционердің мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған басқа қызметтер мен басқа мәселелерді орындау.

11.9. Қоғам, егер мәмілені бекіту сәтінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулердің болғанын білгендігін дәлелдей алса, Басқарманың осындай шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелердің жарамдығын даулауға құқылы.

11.10. Басқарма Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте өз қызметі туралы есептерді ұсынады.

11.11. Келесі тұлғалар Басқарма мүшелеріне сайлана алмайды:

- жоғары білімі жоқ болса;

- өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен кешірілмеген сотталғандығы бар болса;

- бұрын банкрот деп танылған немесе осы тұлғаның басшылығы кезінде консервацияға, санацияға, ырықсыз жоюға ұшыраған заңды тұлға басшы қызметкер болғанда.

11.12. Басқарма төрағасы:

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды көрсету құқығына сенімхат, сонымен бірге Қоғаммен жасалатын шарттарға және Қоғам қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға берілетін сенімхаттарға қол қою құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін, сонымен қатар корпоративті хатшы қызметінің және комплаенс-бақылаушы қызметінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, басқа қызметке ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады, еңбекті материалды ынталандыру мақсатымен, Қоғам қызметкерлеріне еңбек ақыларын, үстеме ақы, бонус, сыйлықақыларының және басқа да төлемдердің мөлшерін бекітеді. Осы тармақшада, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше көзделмеген болса, қарастырылған Басқарма Төрағасының өкілеттілігі Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі шешімімен тағайындалған немесе сайланған Қоғам қызметкерлеріне қолданылмайды.

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қоғам Басқармасының бір мүшесіне тапсырады;

6) Қоғам басшылары арасында, оның ішінде Басқарма мүшелері, аппарат басшысы, бас бухгалтер және Қоғамның өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

7) жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін жауап береді;

8) Қоғамның Жарғысында және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021.16.06. № 30/21 хаттамасына № 22 қосымшамен 11.13-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

11.13. Басқарма Төрағасының орынбасарлары қызметтік нұсқаулар мен Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес өздерінің құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы.

Міндеттерді және өкілеттіктер саласын бөлу туралы бұйрық негізінде Басқарма төрағасының орынбасарлары, Қоғам қызметкерлері Қоғам атынан Қоғамның мүдделерін үшінші тұлғалар алдында білдіру құқығына сенімхаттарды, оның ішінде кез келген мемлекеттік органдарды, соның ішінде соттарды, ұйымдарды/заңды және жеке тұлғаларды қоса алғанда, функционалдық міндеттерді бөлуге сәйкес олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша беруге және/немесе олардың күшін жоюға (кері қайтарып алуға) құқылы.

11.14. Басқарма мүшелері өзіне тиесілі Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе оның аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасау ниеті болса, ол туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау керек.

11.15. Басқарма мүшесіне Қоғам мүдде дау тудыратын немесе тудыруы мүмкін қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады, сондай-ақ Қоғам қызметімен бәсекелес ұйымдарда басшылық қызмет атқаруға рұқсат берілмейді.

## 12. Ішкі аудит қызметі

12.1. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрамы үш қызметкерден кем болмайтын Ішкі аудит қызметі құрылады.

12.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен атқарушы орган әрекеттері мен операцияларына, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган болып табылады.

12.3. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді, Қоғамның басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз қол жеткізе алады.

12.4. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің мәртебесі, миссиясы, мақсаты, қызметі, міндеті, жауапкершілігі мен құқықтары Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережесінде анықталады.

12.5. Ішкі аудит қызметін басшы басқарады. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғаммен жасалған еңбек шарттарына сәйкес іске асырады. Ішкі аудит қызметінің бастығы және қызметкерімен жасалатын еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің қол қоюға уәкілеттігі бар тұлғаның қолы қойылады.

12.6. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

### **13. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принциптері**

13.1. Должностные лица Общества:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс, әрі оны Қоғам Жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге мерзімдер көзделмесе, Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

### **14. Ерекше талаптармен мәмілелер жасау**

14.1. Қоғам жасайтын ірі мәмілелерге:

1) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы.

2) нәтижесінде Қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы жатады;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

14.2. Осы Жарғының 9.1-тармағы 25- тармақшасы және Заңның 36-бабы 1-тармағы 17-1) тармақшасына сәйкес Жалғыз акционер шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелер жасау туралы шешімін Директорлар кеңесі қабылдайды.

14.3. Қоғам мәміле жасауға мүдделі тұлғалар (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) Қоғамның үлестес тұлғалары болып танылады, егер олар:

1) мәміленің тарапы болып табылса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;

2) мәміле тарапы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылса.

14.4. Мүдделі тұлғалар Қоғамның ішкі құжаттарында анықталған тәртіп пен мерзімде келесі ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуі керек:

1) о том, что они являются стороной сделки или участвуют в ней в качестве представителя или посредника в течение трех рабочих дней;

2) өздерімен аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп, дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздеріне белгілі болған және өздерімен жасалуы ықтималды болған өздерінің мүдделі мәмілелері туралы.

14.5. Қоғам жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім, мұндай мәміленің үлгі талаптарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің оны жасауға мүдделі емес жай көпшілік дауысымен қабылданады.

14.6. Қоғам жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай, Директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаса

14.7. Ірі мәмілені және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені сонымен қатар Қазақстан Республикасы заң талаптарын бұзумен жасалған басқа мәмілелер жасасу кезінде осы Жарғыда және Заңда көзделген талаптарды сақтамау Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте және негізде мүдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша сот тәртібімен бұл мәмілелерді жарамсыз деп танылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

14.8. Қоғам, жасасу тәртібіне қойылатын талаптарды бұза отырып, жасаған мәмілені жасауына мүдделі тұлға Қоғам алдында оның Қоғамға келтірген залалдары мөлшерінде жауапты болады. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болып табылады.

## **15. Қоғамның ақпараттарды ашуы, Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу**

15.1. Қоғам өзінің Жалғыз акционері мен инвесторларының назарына Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізеді.

15.2. Қоғам Жалғыз акционерінің талабы бойынша Заңда қарастырылған құжаттар көшірмелерін акционерге беруге міндетті.

15.3. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның Корпоративтік хатшысына жазбаша және ауызша түрде өтініш жасауы мүмкін. Жалғыз акционердің жазбаша өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналына тіркелуі тиіс. Жалғыз акционер талап еткен ақпаратты (талап еткен құжаттар көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап

Қоғам он күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті, Жалғыз акционер ақпараттарды электрондық байланыс құралдары, оның ішінде Интернет желісі арқылы алуға құқығы бар.

15.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет қызметтік, [коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпия ақпараттар](#) болып табылмайды.

Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті).

Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер ұсынуға міндетті. Аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер Қоғам бекіткен нысан бойынша ұсынылуы тиіс.

15.5. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) және уәкілетті органың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

15.6. Қоғам Қазақстан Республикасының белгіленген бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін, сонымен қатар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жыл қорытындысы бойынша Басқарма мүшелерінің сыйақысының сомалық көлемі туралы ақпараттарды орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қоғам, егер оның бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа толықтыру ретінде Қазақстан қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасына оның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен қор биржасының интернет-ресурсында жариялау үшін барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады.

Қоғам ірі акционерлер туралы ақпаратты, сондай-ақ басқа заңды тұлғадағы басшы лауазымды немесе өзге де негізгі қызметті қоса атқаратын Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтерді, олардың басқа заңды тұлғадағы өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған тәртіпте корпоративтік интернет-ресурста орналастыруға міндетті.

## **16. Қоғам қызметінің тоқтауы**

16.1. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастыралатын өзге де негіздемелер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасы Заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілер негізінде реттеледі.

## **17. Қорытынды ереже**

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 52/20 көзбе - көз отырысы хаттамасына № 36 қосымша) (2021.16.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 04.11.2020 г.

17.1. Осы Жарғыда реттелмеген барлық өзге жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы»  
акционерлік қоғамы Басқармасының  
төрағасы**

**Мухамеджанов Адиль Бектасович**